

Ресми рецензенттің

8D01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Алпысбаева Нургуль Саркытбековнаның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлау» атты диссертациясы туралы жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Қазақстанда білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі – педагогтерді заманауи талаптарға сай кәсіби даярлау, олардың цифрлық-педагогикалық құзыреттілігін дамыту және білім беру үдерісін цифрландыру жағдайында сапалы кадрлар даярлау болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, Алпысбаева Нургуль Саркытбековнаның 8D01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлау» атты диссертациясы өзекті болып табылады және Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңы; Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI «Педагог мәртебесі туралы» Заңы; Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы № 31 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарты; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасымен сәйкес келеді.</p> <p>Ұсынылған диссертациялық зерттеу аталған құжаттарда айқындалған педагог кадрларды даярлау сапасын арттыру, цифрлық білім беру ортасында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру, білім беру үдерісіне заманауи интербелсенді және цифрлық құралдарды тиімді кіріктіру міндеттерімен тікелей сабақтасады. Осыған байланысты диссертация тақырыбы ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік білім беру саясатының басымдықтарына толық сәйкес.</p>

		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытының бірі – «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыс 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша ұсынылған.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</p>	<p>Алпысбаева Нургуль Саркытбековнаның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлау» атты диссертациялық зерттеуі ғылымға елеулі <u>үлесін қосады</u> және оның <u>маңыздылығы ашылған</u>. Зерттеу жұмысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлау мәселесі теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негізделіп, оның мазмұны, құрылымы, ерекшеліктері мен әдістемелік қамтамасыз етудің жолдары айқындалған. Қазіргі білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерін интербелсенді құралдарды педагогикалық тұрғыдан тиімді пайдалануға даярлау мәселесінің өзектілігі мен ғылыми-практикалық тұрғыда <u>үлесін қосады</u> және <u>маңыздылығы ашылған</u>.</p> <p>Диссертациялық жұмыста болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, осы даярлықтың құрылымдық-мазмұндық моделі мен оны жүзеге асыруға арналған әдістеме әзірленген, бұл өз кезегінде ғылымға елеулі <u>үлесін қосады</u> және <u>маңыздылығы ашылған</u>. Зерттеу нәтижесінде ұсынылған әдістеме тәжірибелік-эксперимент жұмыс барысында тексеріліп, оның тиімділігінің</p>

			<p>дәлелденуі ғылымға <u>үлесін қосады</u> және маңыздылығы <u>ашылған</u>.</p> <p>Диссертант зерттеу мәселесінің өзектілігін нақты айқындап, қол жеткізілген нәтижелер мен жасалған қорытындылардың ғылым үшін маңыздылығын дәлелдей алған. Зерттеу барысында алынған теориялық тұжырымдар мен практикалық нәтижелер болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауды жетілдіруге, олардың интербелсенді құралдарды тиімді пайдалануға даярлауға және педагогика ғылымының осы бағыттағы дамуына елеулі <u>үлесін қосады</u>. Осыған байланысты диссертациялық жұмыстың ғылымға маңыздылығы <u>ашылған</u> деп есептеймін.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>жоғары</u>; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған 	<p>Н.С. Алпысбаеваның диссертациялық жұмысты өзі жазу деңгейі <u>жоғары</u> деп есептеймін. Бұл зерттеу мәселесіне қатысты отандық және шетелдік әдебиеттерге жасалған талдаудан, негізгі ұғымдарды теориялық тұрғыдан саралауынан, ғылыми тұжырымдарды дербес қорытындылауынан, диссертацияда берілген графикалық материалдар, яғни кестелер, суреттер т.б. арқылы өз ойын ашып жүйелі жеткізуінен, сондай-ақ тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ұйымдастыруы мен оның нәтижелерін сипаттауынан айқын көрінеді.</p> <p>Қойылған зерттеу міндеттері толық шешілген, жұмыстың құрылымы логикалық тұрғыдан бірізді, мазмұны дербес, толық және аяқталған.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>негізделген</u>; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>Н.С. Алпысбаеваның зерттеу жұмысының өзектілігі <u>негізделген</u>. Автор келтірген дәйектер диссертациялық тақырыптың ғылыми және практикалық маңызын айқын көрсетеді. <i>Біріншіден</i>, заманауи талаптарға сай оқытудың интербелсенді құралдарын тиімді пайдалануға жоғары кәсіби дайындығы бар бастауыш сынып мұғалімдеріне қоғамның әлеуметтік сұранысы мен жоғары оқу орнында болашақ мұғалімдерді осы тұрғыда даярлау деңгейінің жеткіліксіздігі; <i>екіншіден</i>, жоғары оқу орнында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерді оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлау қажеттілігі мен даярлау әдістемесінің ғылыми-әдістемелік тұрғыдан жеткілікті деңгейде әзірленбеуі</p>

			<p>арасындағы қарама-қайшылықтар диссертациялық зерттеудің өзектілігін күшейте түседі. Диссертациялық жұмыстың өзектілігінің негіздемесі қарама-қайшылықтарды шешуге бағытталады және диссертацияның ғылыми әрі қолданбалы тұрғыдан өзектілігі негізделеді.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u>; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>Докторанттың «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлау» атты диссертациялық жұмысы 3 тарау, әр тарау 3 бөлім бойынша зерттеудің мазмұнын толық көлемде айқындайды.</p> <p>Диссертация мазмұнының 1-тарауы бойынша «оқытудың интербелсенді құралдары» ұғымы теориялық тұрғыдан талданып, осы ұғымға берілген өзіндік нақтылауы, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудағы отандық және шетелдік тәжірибелердің талдануы, әдіснамалық тұғырлардың негізделуі; сондай-ақ, 2-тарауда оқытудың интербелсенді құралдарының цифрлық трансформациялануында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың ерекшеліктерінің сипатталуы, педагогикалық шарттарының анықталуы, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделінің дайындалуы; диссертацияның 3-тарауында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлығының диагностикасының жүргізілуі, әдістемесінің дайындалуы және зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперимент жұмыстарының салыстырмалы талдануы диссертацияның тақырыбын айқындайды.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толықтай <u>сәйкес келеді</u>. Диссертант зерттеудің мақсатын болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау, әдістемесін әзірлеу және оның тиімділігін педагогикалық эксперимент арқылы тексеру, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар</p>

беру деп қойып, мақсатқа сәйкес бес зерттеу міндеттерін шешу арқылы ғылыми нәтижелерге қол жеткізген. Осы орайда әрбір зерттеу міндеті осы мақсаттан туындап отыр.

Зерттеу жұмысының 1-міндетін шешуде, шетелдік және отандық ғылыми еңбектерге, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге жасалған жан-жақты контент-талдау негізінде «оқытудың интербелсенді құралдары» ұғымының мән-мағынасы нақтыланды. Бұл зерттеудің бірінші міндетінің орындалуын қамтамасыз етеді және диссертацияның тақырыбына сәйкес келеді.

Зерттеудің 2-міндетіне сәйкес, оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың ерекшеліктері анықталып, зерттеудің екінші міндетіне сай ғылыми нәтижелердің тұжырымдалуын реттейді және диссертацияның тақырыбына сәйкес келеді.

Зерттеудің 3-міндеті бойынша оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың педагогикалық шарттары айқындалуы берілген үшінші міндеттің шешілуін көрсетеді және диссертацияның тақырыбына сәйкес келеді.

4-міндетіне сәйкес, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалып, оның нәтижелері беріледі. Бұл өз кезегінде диссертацияның тақырыбына сәйкес келеді.

Зерттеудің 5-міндеті бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың әдістемесі әзірленіп, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент арқылы тексерілді, нәтижесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлауға ықпал ететіні дәлелденді. Бұл мәселе диссертацияның үшінші тарауында жан-жақты талданып, зерттеу міндетінің нәтижелі шешілуін қамтамасыздандырады және диссертацияның тақырыбына сәйкес

			<p>келеді.</p> <p>Жұмыстың мақсаты және алдын ала белгіленген міндеттеріне сәйкес зерттеуің барлық кезеңдері реттілікпен орындалып, бірін бірі толықтырып отырады.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан</u>;</p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық <u>толық байланысқан</u>, ортақ біртұтастық пен баяндау логикасы бірізді жүйеленген және бөлімдердегі алынған нәтижелер, автордың қорытындыларымен бірге диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес келеді. Зерттеу мақсаты мен міндетін шешудегі берілген бөлімдер мен диссертацияның құрылымы логикалық тұрғыда ішкі бірлікпен сипатталып, <u>толық байланысқан</u>.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар</u>;</p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p> <p>4) талдау жоқ.</p>	<p>Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлау мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері, ерекшеліктері, педагогикалық шарттары, оның құрылымдық-мазмұндық болмысын модельдеу, тәжірибелік-эксперимент нәтижелері автор ұсынатын жаңа шешімдермен дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып, <u>сыни талдау бар</u>.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Докторант Н.С. Алпысбаеваның зерттеу жұмысында ұсынған ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа.</p> <p>Бірінші қағидат – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерінің айқындалуымен жаңа.</p> <p><i>Бірінші нәтиже</i> – <u>толығымен жаңа</u>. Диссертацияда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалған.</p> <p>Екінші қағидат – оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың ерекшеліктерінің анықталуымен жаңа.</p> <p><i>Екінші нәтиже</i> – <u>толығымен жаңа</u>. Диссертациялық зерттеуде маңызды деп</p>

			<p>саналатын оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың ерекшеліктері анықталған.</p> <p>Үшінші қағидат – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың педагогикалық шарттары айқындалуымен жаңа.</p> <p><i>Үшінші нәтиже</i> – <u>толығымен жаңа.</u></p> <p>Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың педагогикалық шарттары айқындалған.</p> <p>Төртінші қағидат – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасалуымен жаңа.</p> <p><i>Төртінші нәтиже</i> – <u>толығымен жаңа.</u> Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған.</p> <p>Бесінші қағидат – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың әдістемесін әзірлеп, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жұмыстары арқылы тексеру және ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілуімен жаңа.</p> <p><i>Бесінші нәтиже</i> – <u>толығымен жаңа.</u> Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың әдістемесін әзірлеп, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жұмыстары арқылы тексеру және ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілді.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Н.С. Алпысбаеваның диссертациялық жұмысының қорытындылары ғылыми-теориялық негізде дәлелденуімен, зерттеу мазмұнының ғылыми аппаратымен сабақтастығымен, пайдаланылған әдіс-тәсілдердің тиімділігімен, эксперименттік жұмыстың мақсатты әрі жүйелі ұйымдастырылуымен және сандық, сапалық нәтижелердің дәйектілігімен <u>толығымен жаңа</u> болып саналады.</p> <p>Диссертацияның қорытындылары:</p> <p>Бірінші қорытындыда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың</p>

интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалуын зерттеу барысында «оқытудың интербелсенді құралдары – білім беру үдерісінде білім алушылардың танымдық белсенділігін күшейтуге, мазмұнды меңгерудің тереңдігін арттыруға және оқу әрекетінің субъектілік сипатын қамтамасыз етуге бағытталған, цифрлық және педагогикалық технологиялар мен дидактикалық ресурстардың кешені»; «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлау – жоғары педагогикалық білім беру үдерісінде жүзеге асатын, тұлғаның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған көпқырлы, жүйелі және мақсатты үдеріс» деп нақтылануы мен әдіснамалық тұғырлардың түзілуі бойынша толығымен жаңа.

Бұл тұжырымдардың ғылыми тұрғыда жүйеленуі мен негізгі ұғым-түсініктердің нақтылануы аталған қорытындының толығымен жаңа екенін көрсетеді.

Екінші қорытынды бойынша білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың ерекшеліктері цифрлық білімнің трансформациялануы арқылы ғылыми тұрғыда анықталған. Зерттеу нәтижесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық-педагогикалық құзыреттілігін қалыптастырумен, оқытудың интербелсенді құралдарын білім беру үдерісінде мақсатты, саналы және тиімді қолдануға үйретумен сипатталатыны анықталған. Сондай-ақ осы үдерістің ерекшеліктері ретінде цифрлық сауаттылықты дамыту, цифрлық білім беру ортасында жұмыс істей алу, интербелсенді құралдардың дидактикалық мүмкіндіктерін меңгеру, цифрлық ресурстарды сабақ мазмұнына кіріктіру, білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып оқытуды ұйымдастыру қажеттілігі негізделген. Аталған тұжырымдар зерттеу пәніне сай алғаш рет жүйеленіп ұсынылғандықтан, бұл қорытынды толығымен жаңа деп танылады.

Үшінші қорытынды ретінде зерттеу барысында болашақ бастауыш сынып

			<p>мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың педагогикалық шарттары ұйымдастырушылық-педагогикалық, психологиялық-педагогикалық, дидактикалық, материалдық-технологиялық аспектіде айқындалған. Осы орайда айқындалған педагогикалық шарттар диссертацияның қорытындысы болып табылады және <u>толығымен жаңа</u>.</p> <p>Зерттеудің төртінші қорытындысы бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған. Аталған модель мақсаттық-әдіснамалық, мазмұндық-процесуалдық және өлшемдік-нәтижелік блоктардан тұрады және болашақ мұғалімдердің даярлығын мотивациялық, танымдық және операционалдық-рефлексивтік компоненттердің динамикалық бірлігінде қарастыруға негізделген. Әрбір компоненттің мазмұны, көрсеткіштері, өлшемдері мен деңгейлері нақтыланған. Мұндай құрылымдық-мазмұндық модель мен оны қамтамасыз ететін әдістеменің біртұтас жүйе ретінде ұсынылуы зерттеудің төртінші қорытындысының <u>толығымен жаңа</u> екендігін дәлелдейді.</p> <p>Бесінші қорытынды болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың әдістемесі әзірленіп, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жұмыстары барысында тексерілген. Эксперимент нәтижелері ұсынылған модель мен әдістемені оқу үдерісіне енгізу студенттердің интербелсенді құралдарды пайдалануға даярлық деңгейін арттыратынын көрсеткен. Алынған нәтижелер статистикалық тұрғыдан өңделіп, олардың сенімділігі мен тиімділігі дәлелденген. Соның негізінде жоғары оқу орындарының білім беру үдерісінде пайдалануға арналған ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілген. Осыған орай, аталған қорытынды <u>толығымен жаңа</u> деп есептеледі.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе</p>	<p>Жүргізілген зерттеу негізінде жасалған диссертация қорытындылары <u>толықтай жаңа</u> болып табылады. Олардың ғылыми</p>

		басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	жаңалығы зерттеу барысында қол жеткізілген нәтижелермен, тұжырымдармен, ендіру актісімен, тәжірибелік-эксперимент жұмыс материалдарымен және ғылыми жарияланымдармен толық дәлелденеді.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	<u>Негізделген</u> , себебі Н.Алпысбаеваның зерттеу қорытындылары теориялық-әдіснамалық негіздеуде философиялық, психологиялық және педагогикалық әдебиеттерді жан-жақты талдауымен, диссертациялық жұмыстың мазмұнының зерттеу мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкестігімен, зерттеудің негізгі ұғымдарын нақтылау психологиялық-педагогикалық еңбектердегі теориялық анықтамалар негізінде жүзеге асырылған зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерінің орынды ұштасуымен, эксперименттік нәтижелерді сапалық және сандық талдаудың бірлікте жүзеге асырылуымен, сондай-ақ диагностикалық әдістемелер, тәсілдер мен құралдардың кешенді түрде қолданылуымен айқындалып отыр (1-тарау, 1.1, 1.2, 1.3 бөлімшелер; 2-тарау, 2.1, 2.2 бөлімшелер).
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u> ; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u> ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар;	<u>Бірінші қағидат</u> : болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерінің айқындалуы. 7.1 Бұл қағидатта болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындауда негізгі ұғым, түсініктердің нақытлануы мен әдіснамалық тұғыр, ұстаындардың түзілуімен <u>дәлелденді</u> . 7.2 жоқ; 7.3 Нәтиже <u>жаңа</u> болып табылады; 7.4 Қолдану деңгейі <u>кең</u> ; 7.5 Ия. Келесі мақалаларда дәлелденген. 1. Привлечение учителей начальных классов к использованию интерактивных средств обучения // Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана. Серия: Педагогические науки. – 2024. – Т. 73. – №. 2. С. 177-190. 2. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлау мәселесі //«Қазіргі педагогикалық білім беруді дамытудың

		<p>2) орташа; 3) <u>кең</u>; 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>өзекті тенденциялары мен стратегиялары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл қ. – 2024. - Б. 161-165.</p> <p>7.1 <i>Екінші қағидат:</i> оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың ерекшеліктерінің анықталуы. Бұл қағидатта оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың ерекшеліктері цифрлық білімнің трансформациялануында анықталып <u>дәлелденді.</u></p> <p><u>7.2 жоқ;</u> 7.3 Нәтиже <u>жана</u> болып табылады; 7.4 Қолдану деңгейі <u>кең</u>; 7.5 Ия. Келесі мақалаларда дәлелденген</p> <p>1. Развитие у будущих учителей начального образования цифровых компетенций посредством интерактивных средств обучения //Известия. Серия: Пед. науки. – 2025. – Т. 78. – №. 3. 2. Жоғары оқу орындарында оқытудың интербелсенді құралдарын пайдаланудың мүмкіндіктері // І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Хабаршысы, - 2022. - № 4 (105). – Б. 11-15.</p> <p>7.1 <i>Үшінші қағидат:</i> болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың педагогикалық шарттары айқындалуымен <u>дәлелденді.</u></p> <p><u>7.2 жоқ;</u> 7.3 Нәтиже <u>жана</u> болып табылады; 7.4 Қолдану деңгейі <u>кең</u>; 7.5 Ия. Келесі мақалаларда дәлелденген</p> <p>1. Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу дағдыларын дамытуда оқыту әдістерін қолданудың педагогикалық шарттары //Цифрлық қоғам жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту процесінде дағдыларды кіріктіру: мәселелер, шешімдер және келешегі» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция: - Астана, «БиКА» баспасы, 2025. – Б: 425-429.</p> <p>2. Болашақ бастауыш сынып мұғалімін оқытудың интербелсенді құралдарын</p>
--	--	---	--

пайдалануға даярлаудың алғышарттары // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Педагогика. Психология. Социология сериясы, – 2024. – Т. 147. – №. 2. – Б. 200-218.

7.1 Төртінші қағидат: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасалуымен дәлелденді.

7.2 жоқ;

7.3 Нәтиже жаңа болып табылады;

7.4 Қолдану деңгейі кең;

7.5 Ия. Келесі мақалаларда дәлелденген.

1. Fostering Pre-Service Primary Teachers' Capacity to Employ an Interactive Learning Tool: Qubahan Academic Journal. 5, 1 (Mar. 2025), 662–673. DOI: <https://doi.org/10.48161/qaj.v5n1a1530>. <https://journal.qubahan.com/index.php/qaj/article/view/1530>

2. Бастауыш сыныптың қазақ тілі сабақтарында оқытудың интербелсенді құралдарын қолдану // Ясауи университетінің Хабаршысы. – 2024. – Т. 1. – №. 131. – Б. 449-463.

7.1 Бесінші қағидат: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың әдістемесін әзірлеп, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жұмыстары арқылы тексеру және ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілуімен дәлелденді.

7.2 жоқ;

7.3 Нәтиже жаңа болып табылады;

7.4 Қолдану деңгейі кең;

7.5 Ия. Келесі мақалаларда дәлелденген

1. Методические особенности использования интерактивных средств в образовательном процессе // «Актуальные проблемы науки и образования» материалы Международного форума, посвященного 300-летию Российской академии наук. Том Часть 2. Екатеринбург, 2023. С. - 406-412.

2. Интербелсенді платформалар және олардың оқытуды ұйымдастырудағы мүмкіндіктері //Иновациялық

			<p>технологиялар, қашықтықтан оқыту мәселелері және қазіргі білім беруді дамытудың перспективалары III Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы, Шымкент қ. 15-16 ақпан, - 2024. - Б. 89-93.</p> <p>Диссертациядағы барлық қағидалар мен тұжырымдар талапқа сай қажетті басылымдарда жарияланған, ғылыми қауымдастықтың назарына салынып, тиісті журналдарда оның ішінде Scopus базасына енген шетелдік басылымдарда 1 мақала жарық көрген.</p>
<p>Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдаланатырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Зерттеу барысында басшылыққа жүйелілік, тұлғалық-бағдарлы, іс-әрекеттік, құзыреттілік, ақпараттық және коммуникативтік тұғырлары мен оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлау ұстанымдары ғылыми тұрғыдан негізделген. Н.С. Алпысбаева ғылыми әдістерді нақты пайдаланған және тиімділігін дәлелдеген.</p> <p>Зерттеудің мақсатын, міндеттерін шешу мен ғылыми болдамын дәлелдеу үшін теориялық және эмпирикалық әдістердің кешені диссертантпен анықталған. Теориялық әдістер (алыс және жақын шетелдік, отандық психологиялық, педагогикалық әдебиеттерді зерделеу); диссертациялық зерттеулерді талдау, зерттеу материалдарын жинақтау, қорытындылау, салыстыру, нақтылау; практикалық әдістер: бақылау, авторлық сауалнама, «Мұғалімдердің жаңа технологияларға көзқарасын анықтау» сауалнамасы (Ф.М. Вейнен, Ж.Х. Валмаван дер Моленнің), «Кәсіби қызмет уәждерін анықтау сауалнамасы» (Т.Н. Францева), авторлық тест, «Педагогтің цифрлық-әдістемелік құзыреттілігін диагностикалау» сауалнамасы (Г.Ж. Ниязова), «Студенттердің сабақ жоспарына элементтерді енгізу деңгейін диагностикалау» авторлық сауалнамасы, интербелсенді платформаларда оқу тапсырмаларын құрастыру және қолдануға арналған тапсырмалар, «Цифрлық педагогикалық құзыреттілік» сауалнамасы (А.С. Сатыбалдиева мен М. Жүністің бейімделген нұсқасы), студенттердің интербелсенді платформаларда оқу</p>	

			тапсырмаларын құрастыруы негізінде рефлексивтік біліктерінің қалыптасу деңгейін айқындауға арналған диагностикалық тапсырмаларды қолдану арқылы алынған. <u>Ия.</u>
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	Теориялық қорытындылар, зерттеудің әдіснамалық тұғырлары, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың әдістемесі, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған, ғылыми зерттеу тақырыбы бойынша 4 мақала ҚР БжҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда, 10 мақала Қазақстан Республикасында және шетелде ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинақтарында жарияланып, ЖОО студенттеріне арналған 1 оқу құралы және 1 ЭЕМ-ге арналған бағдарлама мен бастауыш сыныптарда оқытудың интербелсенді құралдарын қолдану бойынша әдістемелік нұсқаулық жарық көрген. Н. Алпысбаеваның диссертациясы аясында жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмысқа Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мен І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттер қатысты. Жалпы саны 128 студенттің 63-і бақылау тобын, ал 65-і эксперименттік топты құрады.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған/ расталмаған	Диссертант ғылыми зерттеу жұмысында өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасай отырып, мәнді мәлімдемелерді растайды . Диссертацияда отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге сілтеме берілген.
		Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз	Докторант зерттеу жұмысы барысында 217 дереккөздерге сілтемелер берген. Тақырып бойынша осы әдебиеттерді зерделей келе, докторант алдына қойған мәселені шешуде жан-жақты әдеби шолуға жеткілікті деп санаймын.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ;	Диссертацияны теориялық тұрғыдан маңызы бар, <u>ия</u> , зерттеу жұмысы деп айтуға негіз бар. Атап айтсақ:

		<p>2) жоқ.</p>	<p>1. «Оқытудың интербелсенді құралдары» және болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлау түсініктерінің мәні нақтыланған; 2. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың ерекшеліктері анықталған; 3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлау педагогикалық шарттары айқындалған; 4. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалған. 5. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлауға бағытталған әдістеме әзірленіп, тиімділігі тәжірибеде дәлелденген, ғылыми негізделген ұсыныстар берілген.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелері практикада қолдану мүмкіндігі жоғары, ия. Себебі: - «Бастауыш сыныптарда оқытудың интербелсенді құралдарын қолдану» таңдау курсының әзірленген оқу бағдарламасы тәжірибеге ендірілген; - «Бастауыш сыныптарда оқытудың интербелсенді құралдарын қолдану» оқу-әдістемелік кешені дайындалып, тәжірибеден өткізілген; - Диссертациялық зерттеу нәтижелерін педагог мамандарды даярлайтын жоғары және орта кәсіптік оқу орындарының білім беру үдерісінде, сондай-ақ бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру жүйесінде кеңінен қолдануға болады.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылайжаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).</p>	<p>Зерттеу жұмысы аясында практикалық ұсыныстар <u>толығымен жаңа</u> және зерттеу барысында алынған нәтижелер мен солардың негізінде жасалған нақты әдістемелік ұсынымдарға сүйенеді. Сонымен бірге зерттеу материалдары мен қол жеткізілген нәтижелерді педагог мамандар даярлайтын жоғары және орта кәсіптік білім беру ұйымдарының оқу үдерісінде, сондай-ақ бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру және</p>

			жүйесінде қолдануға болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертант диссертациялық жұмысты академиялық жазу ерекшеліктерін ескере отырып, ғылыми стиль талаптарына сәйкес орындаған. Жұмыстың құрылымы мен рәсімделуі бекітілген талаптарға толық сай келеді. Сонымен қатар зерттеу мазмұны жүйелі түрде баяндалып, оның академиялық жазылу сапасының жоғары деңгейде екендігі байқалады.
11	Диссертацияға ескертулер	Жалпы алғанда диссертациялық жұмыс сауатты жазылған. Алайда диссертацияның құндылығын арттыру мақсатында келесідей бірқатар ескертпе ұсыныстар беріледі: -Диссертацияның теориялық бөлімінде ғалымдардың пікірі немесе берген анықтамаларынан соң докторанттың өзіндік тұжырымды көзқарасы кеңінен талданғанда, зерттеудің маңызы жоғарылар еді; -3.2 бөлімінде элективті курстың мазмұнын талданған, осы курстың мазмұнын, оқу-тақырыптық жоспарын бөлімге қысқартып енгізу қажет еді. Бірақ, бұл ескертпе-ұсыныстар диссертациялық зерттеудің ғылыми деңгейі мен практикалық құндылығын төмендетпейді.	
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі	Н.С. Алпысбаеваның диссертация мазмұнына сай жазылған мақалалары және жүргізілген зерттеулерінің негізгі нәтижелері талапқа сәйкес тиісті журналдар мен басылымдарда жарияланған: SCOPUS халықаралық базасына енген ғылыми журналдарда – 1 мақала; Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда – 4 мақала; Халықаралық ғылыми конференциялар материалдарында – 10 мақала, 1 оқу құралы, 1 ЭЕМ-ге арналған бағдарлама мен 1 әдістемелік нұсқаулық, барлығы 17 еңбек жариялаған.	
13	Қорытынды	Зерттеудің өзектілігін, ғылыми жаңалығын және алынғын нәтижелердің маңыздылығын ескере отырып, Нургуль Саркытбековна Алпысбаеваның 8D01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлау» тақырыбындағы дайындаған диссертациялық жұмысы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті мен «Дәрежелер беру қағидаларында» көрсетілген талаптарына сәйкес келетін жұмыс. Сондықтан, Алпысбаева Нургуль Саркытбековнаның 8D01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.	

Ресми рецензент:

Абай атындағы ҚазҰПУ,
«Бастауыш білім беру» кафедрасының
қауымдастылған профессоры М.А.,
философия докторы (PhD)

